

«Бекітемін»  
«Атырау облысы Ішкі саясат  
басқармасының Азаматтық  
орталығы» КММ-сі басшысының м.а.  
Ф.Карапиденов  
«2025 ж.»

**«Qoldaú» облыстық конкурсын өткізу туралы**  
**ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. «Qoldaú» облыстық конкурсы (бұдан әрі – Конкурс) азаматтық бастамаларды дамыту бағытындағы өңіріміздегі үкіметтік емес ұйымдарды көтермелеге бағытталған. Конкурс бойынша сыйақы қоры: 12 000 000 (он екі миллион) теңге. Конкурс шеңберінде **6** ҮЕҰ жобасына, **әрқайсысына міндетті ұсталымдар ұсталып**, 2 000 000 (екі миллион) теңге көлемінде сыйақы табысталады.

1.2. Осы Ереже конкурсты өткізу шарттарын, мақсаттары мен міндеттерін, өткізу кезеңдерін, бағыттарды, өтінім беруге қойылатын талаптарды және жеңімпаздарды анықтау тәртібін айқындайды.

1.3. Ережеде келесі ұфымдар қолданылады:

**Ереже** – осы тәртіп негізінде қалыптастырылған, байқау өткізудің шарттары мен тәртібін айқындайтын құжат.

**Конкурс** – осы қағидаларға, әлеуметтік маңызды жобаларға қолдау көрсету үшін жеңімпазды анықтау процесі.

**Комиссия** – өтінімдерді бағалау үшін Ұйымдастыруыш құратын алқалы орган.

**2. Конкурстың мақсаттары мен міндеттері.**

2.1. Конкурс мақсаты – Атырау облысының әлеуметтік саясатын жүзеге асырудың үкіметтік емес ұйымдардың жобаларының дамуына қолдау көрсету, жұмыс істеу тиімділігін арттыру.

2.2. Конкурстың міндеттері:

- Әлеуметтік мәселелерді шешудегі азаматтық қоғам институттарының белсенделілігін арттыру;
- Атырау облысында азаматтық қоғам институттары қызметінің оң имиджін қалыптастыру;
- Атырау облысындағы үкіметтік емес ұйымдарды дамуға ынталандыру;
- Әлеуметтік бағытта жобаларды іске асырып жүрген ҮЕҰ жұмыстарын қоғамға таныту.

**2.3. Конкурстың бағыттары:**

- 1) білім және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу;
- 2) салауатты өмір салтын насихаттау;
- 3) қоршаған ортаны қорғау;
- 4) жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау;

- 5) отбасылық құндылықтарды дамыту;
- 6) халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау;
- 7) жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардағы балаларға көмек көрсету;
- 8) халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- 9) мәдениет пен өнерді дамыту;
- 10) тарихи-мәдени мұраны қорғау;
- 11) қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту;
- 12) халықтың сауаттылығын арттыру;

### **3.Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар.**

- 3.1. Конкурсқа Атырау облысында заңды түрде тіркелген үкіметтік емес ұйымдар қатыса алады.
- 3.2. Конкурс жеңімпаздары жобасын Атырау облысы аумағында жүзеге асырады.
- 3.3. 2024 жылы Халықаралық, Республикалық қорлардан қаржылық қолдау тапқан және «Атырау облысы Ішкі саясат басқармасының «Азаматтық орталығы» КММ-сі ұйымдастырған «Qolday» байқауына қатысып, жеңімпаз атанған YEΥ-дың өтінімдері қабылданбайды.
- 3.4. Конкурсқа қатысушы YEΥ «Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында» болуы тиіс. (Сәйкес келмеген жағдайда YEΥ конкурсқа қатысуға жіберілмейді)

### **4.Жобаларға қойылатын талаптар.**

- 4.1. YEΥ жобасы Ережеде көрсетілген бағыттың біреуіне сай болуы міндепті.
- 4.2. Жоба ережедегі №1, №2, №3 қосымша талаптарына сай толтырылуы міндепті.
- 4.3. Ұйымның құрылтай құжаттары (Жарғы, тіркеу туралы куәлік) қосымша жалғануы міндепті;
- 4.4. Конкурсқа қатысушы YEΥ басшысы комиссия алдында өз жобасы туралы 5 беттен аспайтын презентация дайындау қажет (көрнекілік құралдар, әр түрлі жобаға қатысты туындыларын алып келуге болады).
- 4.5. Конкурс қаражатын объектілерді құрделі жөндеуге және салуға, жылжымайтын мүлікті және *құрылыш жабдықтарды сатып алуға жұмсауға жол берілмейді*.
- 4.6. Конкурс құжаттары электрондық нұсқада [qolday2025@gmail.com](mailto:qolday2025@gmail.com) поштасына белгіленген күнге дейін жіберуі керек. Мерзімінен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайды.
- 4.7. Конкурс жеңімпаздары жобаны іске асыру барысы, оның кезеңдері мен нәтижелері туралы ақпаратты YEΥ – ның әлеуметтік желідегі парападарына #gcqolday хэштегімен және Азаматтық орталықтың [@gcenter.atr](https://www.instagram.com/gcenter.atr) инстаграм парападасын белгілеп жариялауға міндепті.
- 4.8. Жеңімпаз деп танылған YEΥ-дар есеп шотына қаражат түскен күннен бастап, 45 күнтізбелік күн ішінде жобаны жүзеге асыруы қажет. Егерде, жобаны іске асыру 45 күнтізбелік күннен кешіктірілген жағдайда, жеңімпаз YEΥ ұйымдастырушыларды жазбаша хабардар ету қажет (дәлелді құжаттар болу міндепті).

4.9. Жеңімпаз деп танылған ҮЕҰ-дар есеп шотына қаражат түскен күннен бастап, 45 күнтізбелік күн ішінде жобаны іске асырмаған, тиісінше орындаған, қаражатты мақсатсыз пайдаланған және есептілікті уақытылы тапсырмаған кезде конкурс қаражатын толық көлемде қайтаруды жүзеге асыруға міндettі. Сомасы мен мерзімі айқындалатын болады.

## 5. Конкурс комиссиясы.

5.1. Конкурс комиссиясының мүшелері грант алушыны таңдау кезінде байқаудың мақсаттарына, міндettтеріне және шарттарына сәйкес шешімдерді әділ шығаруға міндettенеді.

5.2. Конкурс комиссиясының отырысы, егер оған оның мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, занды болып табылады. Шешім көпшілік дауыспен қабылданады.

5.3. Байқау комиссиясының шешімі хаттамамен ресімделеді, онда оның мүшелерінің ерекше пікірлері көрсетілуі мүмкін. Хаттамаға байқау комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

### 5.4. Конкурс комиссиясының шешімдері қайта қарауга жетпайды.

5.5. Өтінімдерді бағалау және жеңімпаздарды айқындау барысында «мұдделер қақтығысы» жағдайы туындаған кезде, жеке мұдделілігі шешім қабылдау үрдісіне әсер етуі мүмкін комиссияның мүшесі туындаған «мұдделер қақтығысы» туралы ұйымдастырушыларға хабарлауға және комиссия мүшелігінен бас тартуы тиіс.

## 6. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

6.1. Конкурстың басталуы туралы ақпаратты Атырау облысындағы әлеуметтік желілерде жариялау, ҮЕҰ арасында кеңінен тарату. <https://proatyrau.kz>, @gcenter.atr инстаграм парақшасында және Азаматтық орталықтың фейсбук парақшасында жариялау.

6.2. Өтінімдер [qolday2025@gmail.com](mailto:qolday2025@gmail.com) поштасына 9 шілде- 8 тамыз сағат 18:00-ге дейін қабылданады.

6.3. Өтінімдер әр комиссия мүшесіне қағаз форматта ұсынылады.

6.4. Комиссия отырысының шешімі бойынша жеңімпаз деп танылған **6 (алты)** ҮЕҰ жобасына, 2 000 000 (екі миллион) теңге көлемінде қаражат табысталады. Атырау облысына қарасты 7 (жеті) аудандарға 3 (үш) жоба және Атырау қаласы бойынша – 3 (үш) жоба беріледі. *(Аудандық ҮЕҰ-дар тарапынан ұсынылған жобалар үздік деп танылмаган жағдайда, ауданға бөлінген қаражат соммасы конкурс комиссиясы құрамының шешімімен өзгертуі мүмкін.)*

## **7. БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ.**

7.1. Комиссия мүшелері жобаларды 5 балдық шкала бойынша, төменде көрсетілген өлшемдер бойынша бағалайтын болады.

*Бір комиссия мүшесінің бағалау парагының Үлгісі:*

<b>№</b>	<b>Бағалау өлшемдері</b>	<b>Баға (0-5балл)</b>
1	Міндетті құжаттардың толықтай болуы	<b>5</b>
2	Жобаның өзектілігі	<b>5</b>
3	Жобаның тұрақтылығы	<b>5</b>
4	Тәжірибесі	<b>5</b>
5	Бюджеттің негізділігі	<b>5</b>
	<b>Койылған балдардың жалпы саны:</b>	

## 8. ЕСЕПТІЛІК ТӘРТІБІ

- 8.1. Өтініш берушілерге гранттар бөлу конкурс комиссия отырсының қорытынды хаттамасы негізінде жүзеге асырылады.
- 8.2. Конкурс бойынша сыйақының жалпы сомасы 12 000 000 теңге. Женімпаз деп танылған 6 YEΥ өкілінің әрқайсысына 2 000 000 теңге көлемінде қаржы табысталады.
- 8.3. Қаржы жобаның бекітілген сметасына сәйкес ұсынылған өтініш берушінің шоттарына төлеу арқылы жүзеге асырылатын болады.
- 8.4. Жобаны және сметаны түзетуге байқауды ұйымдастырушының келісімімен ғана, оны жазбаша хабардар ету жолымен жол беріледі.
- 8.5. Байқауды ұйымдастырушылар конкурс женімпаздарының жобаны іске асыру барысын жүргізіп, қорытындысын бақылауға алады және YEΥ жоба жүзеге асқаннан кейін есеп кестесін ұлгіге сәйкес ұсынады:

*Eсеп кестесінің улгісі*

<i>Жобаның атауы</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Жоба орындалысының қысқаша сипаттамасы (қамтылған адам саны, фотосуреттері, әлеуметтік желідегі жарияланымда сілтеме)</i>	<i>Жобаның нәтижесі</i>

Толтыру күні: 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ ".

---

Лауазымы (қолы) Т.А.Ә.

Мөр орны (болған жағдайда)

p/c №	Атауы	Ақпарат
1.	Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы күелікке сәйкес конкурсқа үміткердің атауы	
2.	Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні	
3.	Бизнес сәйкестендіру нөмірі	
4.	Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) анықтамасына немесе жеке күелігіне сәйкес занды мекен жайы	
5.	Қызметінің мәні (Жарлыққа сәйкес)	
6.	Бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс телефонының (оның ішінде мобиЛЬДІ) нөмірлері және электрондық поштасы	
7.	Әлеуметтік желідегі парақшасы(болған жағдайда)	
8.	Қызмет көрсілететін банктің атауы, БСК және жеке сәйкестендіру коды	
9.	<b>Жұмыс тәжірибесі (шараларды атауымен көрсету)</b>	
10.	Қоғамдық пайдалы, әлеуметтік маңызы бар қызметті растайтын құжаттардың көшірмесі (Алғыс хат, БАҚ-та шыққан материалдар сілтемесі, фотосуреттері).	

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_.

---

Лауазымы

(қолы)

Т.А.Ә.

Мөр орны (болған жағдайда)

Жоба туралы ақпарат		
1	Жобаның атауы	
2	Жобаның мақсаты мен міндеті	Жоба бойынша қызметтің нәтижесін және келесі оған қол жеткізу қадамдары
3	Жобаның өзектілігі	Жобаның өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығын негіздеу:
3	Жобаның мақсатты тобы	Жобаның бенефициарлары мен тартылған серіктестерді анықтайды
	Жобаның іске асырылу мерзімі	Жобаның іске асырылу уақыты
4	Жобаның қысқаша сипаттамасы	Міндеттерді шешуге және мәлімделген нәтижелерге қол жеткізуға арналған іс-шараларды кезең-кезеңімен көрсете отырып, жобаның іске асырылу тәртібін сипаттау
5	Күтілетін нәтижелер	- қысқа және ұзақ мерзімді нәтижелер, жоба мақсатты топтың әл-ауқат деңгейін, өмірін қалай өзгертеді.
6	Жобаның тұрақтылығы	Жоба аясындағы қараждат аяқталғаннан кейін жобаны іске асыруды жалғастыру мүмкіндігі

Толтыру күні: 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ ".

Лауазымы

(қолы)

Т.А.Ә.

Мөр орны (болған жағдайда)

**Шығыстар сметасы**

(Ұйым атавы )

<b>№</b>	<b>Шығындар</b>	<b>Өлшем бірлігі (неше ай н/е саны)</b>	<b>Сомасы</b>	<b>Жалпы сомасы</b>

**Төраға:** \_\_\_\_\_  
(қолы)  
**Бас бухгалтер:** \_\_\_\_\_  
(болған жағдайда)(қолы)  
M.O.